

УНИВЕРСИТЕТАРЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСІМ-ШАРТ

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
мен

Шығыс тілдері және цивилизациясы институты (Париж, Франция) арасында

Преамбула

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Шығыс тілдері және цивилизациясы институты, әр елдің ережелеріне сәйкес, оқу және зерттеу жұмыстарын дамыту үшін қарым-қатынас орнату және дамыту мақсатында ынтымақтастық жөніндегі келісім-шарт жасасты.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан) атынан ректоры **Ерлан Сыдықов**

және

Ғылым, білім және кәсіптік сипаттағы мемлекеттік мекеме **Шығыс тілдері және цивилизациясы институты** (Париж, Франция) атынан президенті **Мануэль Франк** арасында келесі ережелер келісілді:

Жалпы ережелер:

1 бап: Мақсаты

Екі мекеме арасындағы ынтымақтастық келесі мақсаттарды көздейді:

- оқу және зерттеу бағдарламаларын бірлесіп дамыту,
- қызметкерлер құрамының алмасуын дамыту (профессорлар, зерттеушілер, постдокторанттар, техникалық және әкімшілік құрам),
- студенттер алмасуын дамыту,
- жоғарыда аталған мақсаттарға жетуге ықпал ететін, заңға қайшы келмейтін басқа да әріптестік түрлерін ұйымдастыру (қажеттілік жағдайында қосымша анықталды).

2 бап: Пәндері

Қажет болған жағдайда енгізілетін кез-келген қосымшаларды ескере отырып, келісіп отырған екі мекеме арасындағы ынтымақтастық басымды түрде келесі пәндер аясында дамитын болады:

- Тіл және әдебиет;
- Шетел тілдерін оқыту әдістемесі;
- Әлеуметтік ғылымдар;
- Халықаралық қатынастар;

3 бап: Қызметкерлер құрамы мен студенттер алмасу ережелері

- Шарттасушы екі жоғарғы оқу орны, келісім шартқа сәйкес алмасушы қызметкерлер құрамын күтіп алуға және оларға тұратын жермен қамтамасыз етуге көмектесуге келісті. Алмасу шарттары мен ережелерді шарттасушы екі мекеме қосымша анықтайтын болады;
- Алмасу бағдарламасына қатысушылар барлық қажетті шараларды (виза, сақтандыру және т.б), олардың қабылдаушы мемлекетке келгенге дейін аяқтайтынына келісті. Сонымен қатар, олар екі университеттің ішкі ережелеріне бағынуға келісті.

Бірлескен зерттеу бағдарламаларын құруға қатысты ережелер

4 бап: Қадамдар

Шарттасушы екі жоғарғы оқу орны:

- осы келісім –шартпен қамтылатын зерттеу бағдарламалары мен қол жеткізілген нәтижелерге қатысты ақпараттың еркін алмасуының дамуын;
- докторанттар мен постдокторанттар мобильділігін;
- профессорлар, зерттеушілер, әкімшілік және техникалық құрамның алмасуын;
- жүріп жатқан зерттеулерді жетілдіру үшін мерзімдік кездесулер ұйымдастыруды;
- зерттеу тақырыптарына сәйкес семинарлар мен коллоквиумдардың ұйымдастырылуын қолдауға шарттасты.

Қабылдаушы университеттің растауымен, оқу бағдарламасы тұжырымды бекітіледі және әрдайым жаңартылатын қосымша пәндер тізімі болады.

5 бап: Нәтижелердің қолданылуы

- Екі тарап зерттеу жұмысына байланысты барлық ақпараттарды, қажет болған жағдайда ең жоғарғы құпиялықпен қарастыруға шарттасты. Жеке жағдайларда, жарияланбаған нәтижелер және/немесе ақпарат үшінші тарапқа, екі тараптың ресми өкілдерінің екіжақты келісімімен ғана беріледі.
- Құпиялық шарты болмаған жағдайда бірге орындалған кез келген іздену жұмыстары немесе кез келген жұмыстың нәтижелерін жариялау екі тарапқа да шектеусіз және тегін болуы қажет. Бұл жарияланым автордың құқығын және тараптың құқығын, интеллектуалды меншігін қорғауға байланысты арнайы заң аясында орындалуы тиіс.

Студенттер алмасуына қатысты ережелер

6 бап: Қабылдаушы мекемеден ешқандай деңгей алынбайтын алмасу бағдарламалары

- Шарттасушы мекемелер қысқа мерзімдік оқу бағдарламасын өткізгісі келетін, зертханаларда жұмыс жүргізгісі немесе бірлескен ғылыми жұмыстарды атқарғысы келетін студенттер үшін студенттер мобильділігін ынталандыруға келісті;
- Студент қабылдаушы университеттегі оқуын жолдаушы университетте диплом алу мақсатындағы оқу бағдарламасының бөлігі ретінде жүргізеді;
- Екі мекеме де қабылдаушы университетте алған деңгейді немесе нәтижелерді бағаларды, қабылдаушы университетте өткізген академиялық кезеңді, студенттер оқуының бастапқы курсының ажаратылмас бөлігі ретінде танылатын етіп аударуға арналған жүйе құруға шарттасты;
- Алмасу бағдарламасына қатыса алатын студенттердің саны осы келісім-шарттың тәртібі бойынша алдын ала келісіледі;
- Осы бағдарламаға қатысатын студент өздерінің университеттерінде тіркеледі және тіркеу ақысын төлейді. Әрі қарай олар қабылдаушы университетте, тіркеу ақысын төлеу міндеттемесінен босатылады.

7 бап: Қос диплом берілетін алмасу бағдарламалары

- Екі дипломдық курстарға арналған оқу бағдарламасы, әрбір деңгейге қатысты осы келісім шартқа қосымша міндетті айқындауышта көрсетіледі. Мұнда студенттерді іріктеу тәртібі, алмасу мерзімі және қос диплом берудің шарттары баяндалады.
- Екі дипломдық бағдарламаға таңдалған студенттер өздерінің университетінде және қабылдаушы университетте тіркеледі. Әрбір қос дипломдық білімнің оқу ақысын төлеу шарттары қосымшада көрсетіледі.

8 бап: Бірлесіп бақыланатын диссертацияларды ұйымдастыру

- Бірлесіп бақыланатын диссертацияларды жолға қою үшін, әрбір ізденуші қабылдаушы университетке барғанға дейін екі мекеменің басшысы қол қоятын арнайы келісім-шарт жасалады. Бұл құжат алмасудың барлық шарттарын қамтиды.

9 бап: Қаржыландыру ережелері

- Жоғарыда айтылған мақсаттарға қол жеткізу үшін, шарттасушы мекемелер, жоспарланған шараларды олардың мүмкіндіктерінше және әр елдің ережелеріне сәйкес орындауға шарттасты;
- Шарттасушы мекемелер, белгілі бір мерзім аралығында келісіп, анықталатын қажетті шарттарды, тәртіптер мен қаржыландыру шараларын бірге шешетін болады;
- Жоғарыда анықталған шараларды жүзеге асыруға қажетті қаржыландыру, түрлі ұлттық және халықаралық ұйымдармен құрылған бағдарламалар аясынан іздестірілетін болады (Министірліктер, Елшіліктер, Еуропалық комиссия, халықаралық ұйымдар, аймақтық әкімшіліктер т.б.);

